

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы дипломатиялық және арнайы паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 194 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2015 жылғы 26 қазанда Доха қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы дипломатиялық және арнайы паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К.Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2016

жылғы

7

сәуірдегі

№

194

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы дипломатиялық және арнайы паспорттардың иелерін визалық талаптардан өзара босату туралы

**КЕЛІСІМ**

(2016 жылғы 2 қыркүйекте күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 5, 92-күжат)

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің

Үкіметі

өз мемлекеттерінің достық қатынастарды нығайтуға деген ұмтылышын назарға ала

отрып,

Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қатар Мемлекеті азаматтарының – дипломатиялық және арнайы паспорттар иелерінің екі Тарап мемлекетінің аумағына өзара сапарларына ықпал етуге тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісім іске асырылған жағдайларда бір Тарап мемлекеті азаматтарының екінші Тарап мемлекетінің аумағына келуі үшін жарамды құжаттар мыналар болып та б ы л а д ы :

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін:

дипломатиялық паспорт;

Қатар Мемлекетінің азаматтары үшін:

дипломатиялық паспорт;

арнайы паспорт.

## 2-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің азаматтары – осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жарамды паспорттардың иелері, екінші Тарап мемлекетінің аумағына мемлекеттік шекара арқылы өту пункттері арқылы визасыз келе алады, одан кете алады және транзитпен өте алады.

2. Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының азаматтары – жарамды дипломатиялық және арнайы паспорттардың иелері екінші Тарап мемлекетінің аумағына алғаш келген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде осы мемлекеттің аумағында бола алады.

## 3-бап

Осы Келісім дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің қызметкерлерін, сондай-ақ екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан халықаралық ұйымдардың өкілдерін және жарамды дипломатиялық және арнайы паспорттары бар олардың отбасы мүшелерін қабылдаушы мемлекетте аккредиттеу үшін виза алу қажеттілігінен босатпайды.

Аkkредиттелгеннен кейін аталған азаматтар өздерінің аккредиттелген кезеңі ішінде қабылдаушы мемлекет аумағына визасыз келе алады, транзитпен өте алады, онда бола алады және кете алады.

## 4-бап

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарап мемлекетінің болуы қолайсыз деп танылған азаматтарының өзінің мемлекетінің аумағына келуіне рұқсат беруден бас тарту не болу мерзімін қысқарту құқығын сақтайды.

## 5-бап

Тараптардың әрқайсысының мемлекеттері азаматтарының дипломатиялық және арнайы паспорттарының қолданылу мерзімі екінші Тарап мемлекетінің аумағына келген құннен бастап кемінде 6 (алты) ай болуы тиіс.

## 6-бап

1. Осы Келісімге сәйкес визалық талаптардан босатылған екі Тарап мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болу кезеңінде 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының және 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының ережелеріне залал тигізбей, осы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын сақтауға міндettі.

2. Осы Келісімнің 1-бабында аталған екі Тарап мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында коммерциялық қызметпен айналыспауға тиіс.

## 7-бап

Дипломатиялық және арнайы паспорттың иесі өзінің дипломатиялық немесе арнайы паспортын екінші Тарап мемлекетінің аумағында жоғалтқан жағдайда, ол бұл туралы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына дереу хабарлауға міндettі. Бұл ретте осы азамат мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі оған екінші Тарап мемлекетінің аумағынан кетуге мүмкіндік беретін жаңа жол жүру құжатын береді және бұл туралы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына хабарлайды.

## 8-бап

1. Осы Келісімді іске асыру мақсаттары үшін Тараптардың екеуі де осы Келісім күшіне енгенге дейін 30 (отыз) құннен кешіктірмей жарамды дипломатиялық және арнайы паспорттардың ұлгілерімен олардың толық сипаттамасын қоса отырып, дипломатиялық арналар арқылы алмасады.

2. Жаңа дипломатиялық және арнайы паспорт енгізілген немесе оларға өзгерістер енгізілген жағдайда, Тараптар жаңа немесе өзгерілген паспорттар қолданысқа енгізілгеніне дейін 30 (отыз) құннен кешіктірмей осы паспорттардың ұлгілерімен дипломатиялық арналар арқылы алмасады.

3. Тараптар дипломатиялық және арнайы паспорттарды беруге қатысты ұлттық заңнамаларындағы өзгерістер туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

## 9-бап

1. Тараптар ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық салауаттылықты қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімнің қолданылуын уақытша тоқтата тұра, ішінара немесе толық тоқтата алады. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайтын Тарап ол қүшіне енгенге дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты хабардар етеді.

2. Осы Келісімнің қолданысын уақытша тоқтата тұру осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағындағы Тараптар мемлекеттері азаматтарының құқықтық жағдайына әсер етпейді.

## 10-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдану немесе түсіндіру кезінде туындастын кез келген дау Тараптар арасындағы консультациялар немесе келіссөздер жолымен шешіледі.

## 11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын, жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 12-бабында көзделген тәртіппен қүшіне енеді.

## 12-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның қүшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң  
күшине  
енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірі дипломатиялық арналар арқылы екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы тиісті жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 60 (алпыс) күн өткеннен кейін өз қолданысын тоқтатады.

Жоғарыда аталғанды растай отырып, өз үкіметтері уәкілеттік берген адамдар осы Келісімге қол қояды.

(Хижра күнтізбесі бойынша), 2015 жылғы « » қазанда (Грегориан күнтізбесіне сәйкес) Доха қаласында әрқайсысы қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Қатар Мемлекетінің

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК